

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. АМАНЖОЛОВА

КЕЛІСІЛДІ  
Өскемен қаласы әкімдігінің  
№ 15 орта мектебі ҚММ  
Бектурғенова А.Б.  
(қолы)  
« 08 » 06 2020 ж.

БЕКІТІЛДІ / УТВЕРЖДЕНО  
Факультеттің кеңесі төрағасы / Председатель  
совета факультета  
Мадияров М.Н.  
(қолы)  
Хаттама / Протокол  
№ 10 « 11 » 06 2020ж/г

ПӘН БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)  
ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИНЫ (SYLLABUS)

Күрлықтар мен мұхиттардың физикалық географиясы

*Оқу пәнінің атауы / Наименование учебной дисциплины*

5В011600-ГЕОГРАФИЯ

*(БББ атауы және коды/код и название ОП)*

Оқу түрі / Форма обучения / күндізгі  
*(күндізгі / очная. ОБ/СО)*

Курс/Курс 3  
Семестр/Семестр 5  
Кредиттер саны/Количество кредитов 5  
Дәрістер/Лекции 30  
Практикалық (семинар) сабақтар/  
Практические (семинар) занятия 20  
Зертханалық сабақтар/  
Лабораторные занятия \_\_\_\_\_  
БӨӨЖ / СРОП 25  
БӨЖ / СРС 75  
Емтихан / Экзамен 5 семестр

Өскемен, 2020 ж/г.

Құрастырушы / Составитель: Женсікбаева Н.Ж. Женсікбаева Н.Ж. PhD доктор  
(Оқытушының А.Т.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі /  
ФИО преподавателя, ученая степень, ученое звание, должность)

### Пән бағдарламасы (Syllabus) / Программа дисциплины (Syllabus)

**Пәннің бағдарламасы** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 603 бұйрығы) негізінде жасалған / **Программа дисциплины** разработана на основании типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования (Приказ МОН РК от 31.10.2018 г. № 603) (жалпы білім беру пәндері үшін / для общеобразовательной дисциплины);

**Пәннің бағдарламасы (Syllabus)** университет Академиялық кеңес отырысында бекітілген оқу бағдарламасы негізінде жасалған / **Программа дисциплины (Syllabus)** разработана на основании учебной программы, утверждённой на заседании Академического совета университета  
Хаттама / Протокол № 04 «21» 04 2020 ж./г. (базалық және профильдік пәндер үшін / для базовых и профилирующих дисциплин)

Кафедра отырысында ұсынылған / Рекомендована на заседании кафедры  
Хаттама / Протокол № 40 «3» 06 2020 ж./г.

Кафедра меңгерушісі / Заведующий кафедрой Дакиева К.Ж. Дакиева К.Ж.

## 1. Пән туралы ақпарат

Құрлықтар мен мұхиттардың физикалық географиясы	Пәннің коды FGMIO	Кредит саны 5	Курс / семестр 3/5
География	5B011600	Экология және география кафедрасы	Жаратылыстану ғылымдары және технологиялар факультеті
Пәнді өткізу уақыты және орны <i>оқу кестесі бойынша, қашықтықтан</i>			
Кеңес беру уақыты – оқу кестесі бойынша			
Рейтинг кестесі: 7 және 15 апта			
Н.Ж. Женсикбаева, PhD доктор, аға оқытушы		Байланыс ақпараты (телефон -8-705-127-44-47, e-mail: Naz_zanibek@mail.ru)	

## 2. Пәннің қысқаша мазмұны:

**Мақсаты** - жоғары таксономиялық рангтағы геожүйелердің қалыптасуының жалпы планеталық және аймақтық заңдылықтарын, қызмет істеуін, кеңістіктік жіктелуін және шаруашылықта пайдалануын танып білу.

**Міндеттері:** Жер планетасындағы табиғи - территориялық кешендерді оқып - білу, олардың аумақтық таралып орналасуы мен даму заңдылықтарын оқып - үйрену. Солтүстік және оңтүстік жарты шарлардағы табиғат кешендеріне салыстырмалы сипаттама беру. Материктер мен мұхиттар арасындағы байланыс түолерін анықтап, талдау жасау. Географиялық атауларды оқып - үйрену.

**Құзыреттілік:** құрылықтар мен мұхиттардың физикалық географиясы туралы білімді қалыптастыру, тақырыптық карталар бойынша ақпарат жинай білу, салыстырамалы физикалық-географиялық сипаттамаларды құрастырумен байланысты.

### Оқыту нәтижелері

1. қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі мен дамуының физика-географиялық және экономикалық-географиялық заңдылықтарын түсіну;
2. географиялық білім мазмұнын жаңарту идеяларын ескере отырып, білім беру процесін құрастыру;
3. Географияны оқытуда оқушылармен жұмыста заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
4. география саласындағы зерттеулерді ұйымдастыру, статистикалық және эмпирикалық мәліметтерді өңдеу, соның ішінде әр түрлі компьютерлік бағдарламалар көмегімен ұйымдастыру әдістемесін меңгеру;
5. ұсынылған картографиялық және статистикалық деректер бойынша әлемдік экономикалық дағдарыстардың экономиканың дамуына әсер ету себептерін белгілеу;

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

6. нақты аумақтардың табиғи компоненттерінің таралу заңдылықтарын түсіндіре отырып, арнайы тақырыптық карталарды талдау;

7. Қазақстанның табиғи ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану саласындағы неғұрлым перспективалы бағыттардың қорытындысын беру;

### Пререквизиттер

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары) / Название дисциплины, разделы (темы)
1	Жалпы жертану (жер бедерінің ырғақтылық заңдылығы, күн сәулесінің түсу заңдылықтары);
2	Қазақстан физикалық география және әлеуметтік-экономикалық география салаларының курстары (Қазақстанның жер бедері, климаты, гидрологиясы, топырақ қабаттары, аудандары, экономикалық аймақтары, туризм географиясы);
3	Қазақстан тарихы (ежелгі ғасыр тарихы, өркениет ошақтары);
4	картография топография негіздерімен (жергілікті жерді планы, масштаб негіздері).

### Постреквизиттер тізімі

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары) / Название дисциплины, разделы (темы)
1	Қазақстанның туризм географиясы (Қазақстанның киелі аумақтары-сақралды география);
2	ТМД елдерінің физикалық-географиясы,.
3	Әлемнің экономикалық және әлеуметтік географиясы (әлемнің саяси картасының қалыптасу кезеңдері), антропогендік ландшафттануға кіріспе
4	Оқу-тәрбиелік іс тәжірибе, өндірістік педагогикалық іс-тәжірибе, кейстік және дипломдық жұмыстар

### 5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Пән тақырыптарының атауы	Апта	Сабақ түрі бойынша аудиторикалық сағат саны		Сабақ түрі бойынша аудиторикалық емес сағат саны		Барлығы (с.)
			Дәріс (с.)	Пр/сем./ зертх-қ./ студ (с.)	БООЖ (с)	БӨЖ (с)	
1	Геосфера дамуының негізгі ерекшеліктері және оның ландшафтысының планетарлық дифференциациясы	1	1	2	1,6	5	9,6
2	Еуразия. Жалпы шолу.	2	1	2	1,6	5	9,6
3	Аумақтың қалыптасу тарихы, пайдалы қазбалар және бедер.	3	1	2	1,6	5	9,6
4	Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі және топырағы. Географиялық белдеулер мен зоналар.	4	1	2	1,6	5	9,6

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

5	Шығыс Еуропа жазығы. Карелия және Коль түбектері. Орал.	5	1	2	1,6	5	9,6
6	Азия. Жалпы шолу. Аймақтық шолу. Физикалық-географиялық аудандастыру. Орта Азия. Жалпы сипаттама. Физикалық-географиялық аудандастырудың негізгі бірліктері. Батыс Сібір жазығы.	6	1	2	1,6	5	9,6
7	Солтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу. Физикалық-географиялық аудандастыру.	7	1	2	2,6	5	10,6
8	Оңтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.	8	1	2	1,6	5	9,6
9	Африка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.	9	1	2	1,6	5	9,6
10	Аустралия. Жалпы шолу	10	1	2	1,6	5	9,6
11	Мұхиттар. Жалпы шолу	11	1	2	1,6	5	9,6
12	Антарктида. Жалпы шолу	12	1	2	1,6	5	9,6
13	Мұхиттардың физикалық географиясы	13	1	2	1,6	5	9,6
14	Тынық мұхиты. Үнді мұхиты.	14	1	2	1,6	5	9,6
15	Атлант мұхиты. Солтүстік Мұзды мұхит.	15	1	2	1,6	5	9,6
	Барлығы	15	20	30	25	75	145
Ағымдағы бақылау			Пәннің жалпы сағат санының 10% (санын көрсету) /				

## 6. Дәріс сабақтарының мазмұны

**Тақырып 1. Геосфера дамуының негізгі ерекшеліктері және оның ландшафтысының планетарлық дифференцияциясы.** Геосфера туралы түсінік. Жер беті дамуы туралы түсінік. Күн энергиясының таралуы және климаттық белдеулер. Гидротермикалық шарттар мен биомассаның өнімділігі. Географиялық белдеулер. Мұхиттардағы географиялық белдеулер.

**Тақырып 2. Еуразия. Жалпы шолу.** Аумақтың қалыптасу тарихы, пайдалы қазбалар. Бедер. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі, топырағы, жануарлар әлемі. Географиялық белдеулер мен зоналар.

**Тақырып 3. Аумақтың қалыптасу тарихы, пайдалы қазбалар және бедер.** Аумақтың қалыптасу тарихы, пайдалы қазбалар. Бедер. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі, топырағы, жануарлар әлемі. Географиялық белдеулер мен зоналар. Жер ресурстарын пайдалану.

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

**Тақырып 4. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі және топырағы. Географиялық белдеулер мен зоналар.** Исландия. Фенноскандия. Орта Еуропа жазығы. Герциндік Еуропа және Британ аралдары. Альпілік Еуропа.

**Тақырып 5. Шығыс Еуропа жазығы. Карелия және Коль түбектері. Орал.** Бедер және геологиялық құрылымы. Климат. Сулар. Рельеф и геологическое строение. Климат. Воды. Өсімдігі, топырағы, жануарлар әлемі. Табиғат зоналар және провинциялар. Табиғи ресурстар. Табиғаттың антропогенлік өзгерісі. Төрттік кезеңнің маңызды оқиғалары және олардың бедердегі көрінісі. Су қоймалары және бөгендер. Жер асты сулары. Қазіргі мұзбасу. Топырақ, өсімдік және жануарлар әлемі.

**Тақырып 6. Азия. Жалпы шолу.** Аймақтық шолу. Физикалық-географиялық аудандастыру. Орта Азия. Жалпы сипаттама. Физикалық-географиялық аудандастырудың негізгі бірліктері. Батыс Сібір жазығы. Шығыс Азия. Солтүстік-Шығыс Қытай және Корея түбегі. Шығыс Қытай. Жапон аралдары. Орталық Азия. Тибет таулы қыраты. Орта Азия таулы қыраты. Оңтүстік-Батыс Азия. Оңтүстік Азия. Оңтүстік-Шығыс Азия.

**Тақырып 7. Солтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.** Физикалық-географиялық аудандастыру. Аумақтың қалыптасу тарихы және пайдалы қазбалар. Бедер. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі, топырағы, жануарлар әлемі. Географиялық белдеулер мен зоналар. Физикалық-географиялық аудандастыру. Шығыс Кордильер сырты. Гренландия. Канада Арктикалық архипелагы.

**Тақырып 8. Оңтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.** Аумақтың қалыптасу тарихы және пайдалы қазбалар. Бедер. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі, топырағы, жануарлар әлемі. Географиялық белдеулер мен зоналар. Льянос Ориноко. Гвиан таулы қыраты және Амазонка жазығы. Анд таулары.

**Тақырып 9. Африка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.** Аумақтың қалыптасу тарихы және пайдалы қазбалар. Бедер. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі, топырағы, жануарлар әлемі. Географиялық белдеулер мен зоналар. Төменгі Африка. Атласс таулары. Сахара. Судан-Жоғарғы Гвинейлік табиғи ел. Конго ойысы және оның шеткі көтерілімдері. Жоғарғы Африка. Эфиоп-Сомалий табиғи елі. Шығыс Африка. Оңтүстік Африка.

**Тақырып 10. Аустралия. Жалпы шолу.** Аумақтың қалыптасу тарихы және пайдалы қазбалар. Бедер. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі, топырағы, жануарлар әлемі. Географиялық белдеулер мен зоналар. Аймақтық шолу. Батыс Аустралия таулы қыраты. Орталық жазықтық. Шығыс Аустралия таулары.

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

**Тақырып 11. Мұхиттар. Жалпы шолу.** Меланезия. Жаңа Зеландия. Микронезия. Полинезия.

**Тақырып 12. Антарктида. Жалпы шолу.** Антарктиданың гляциоморфологиясы. Геологиялық құрылымы және юедер. Климат. Органикалық өмірі. Географиялық зональдылығы. Антарктиданы аумақтық шолу.

**Тақырып 13. Мұхиттардың физикалық географиясы.** Әлемдік мұхиттың физикалық-географиялық шарттарының жалпы сипаттамасы. Әлемдік мұхиттың геологиялық құрылымы мен мұхит түбі бедері. Әлемдік мұхиттың сулары. әлемдік мұхиттағы өмір. Әлемдік мұхиттың шөгінді қабаты.

**Тақырып 14. Тынық мұхиты. Үнді мұхиты. Тынық мұхиты**  
Мұхит түбі бедері және геологиялық құрылымның негізгі ерекшеліктері. Климат және мұхит сулары. Тынық мұхитындағы өмір. Мұхиттың физикалық-географиялық аудандастырылуы. **Үнді мұхиты.** Мұхит түбі бедері және геологиялық құрылымы. Мұхиттың сулары және климаты. Үнді мұхитындағы өмір. Мұхиттың физикалық-географиялық аудандастырылуы.

**Тақырып 15. Атлант мұхиты. Солтүстік Мұзды мұхит.** Мұхит түбі бедері және геологиялық құрылымның негізгі ерекшеліктері. Климат және мұхит сулары. Мұхиттың физикалық-географиялық аудандастырылуы.

Атлант мұхиты. Мұхит түбі бедері және геологиялық құрылымның негізгі ерекшеліктері. Климат және мұхит сулары. Атлант мұхитындағы өмір. Мұхиттың физикалық-географиялық аудандастырылуы.

Солтүстік Мұзды мұхит. Мұхит түбі бедері және геологиялық құрылымның негізгі ерекшеліктері. Климат және мұхит сулары. Солтүстік Мұзды мұхитындағы өмір. Мұхиттың физикалық-географиялық аудандастырылуы.

## **7 Практикалық (семинарлық) сабақтар.**

**Тақырып 1. Еуразия. Географиялық орны және оның географиялық салдарлары.**

*Сабақтың мақсаты:* географиялық карталарға талдау жасау арқылы, Евразияның географиялық жағдайының, ауданы мен сыртқы бейнесінің, оның табиғатының қалыптасуы мен табиғи территориялық кешендерінің әр алуан болуына әсерін анықтау.

Тапсырмалар:

1. Евразияның физикалық картасы мен географиялық атластағы материктер туралы жалпы мәліметтерді пайдалана отырып, оның шеткі нүктелерін, олардың географиялық координаталарын анықтау.

2. Физикалық карта бойынша Евразия материгінің сыртқы пішініне сипаттама беру, жағалау сызықтарының ең көп тілімдеген және аз тілімдеген бөліктерін көрсету. Оны Солтүстік Америкамен және Африкамен салыстыру.

3. Атлас карталары бойынша Евразияның жағалауларына жақын өтетін жылы, суық мұхит ағыстарының бағытын анықтау. Мұхиттардың әр қайсысының материк климатының қалыптасуына тигізетін әсерін анықтау.

4. Евразияның жеке аудандарының географиялық жағдайының олардың табиғатына тигізетін әсерін сипаттау. (Бұл тапсырманы әр студент жеке орындауы тиіс).

Берілген аудандар: Исландия, Аравия, Үндістан, Үндіқытай, түбектері, Британ, Жапон аралдары, Тибет, Орталық Азия.

5. Екі ауданның географиялық жағдайына салыстырмалы сипаттама беру, мысалы; Британ және Жапон аралдары; Пиреней түбегі мен Кіші Азия түбегі; Аравия түбегі мен Үндістан түбегі; Альпі мен Гималай т.б.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Шеткі нүктелер арасындағы қашықтықтарды градуспен және километрмен өлшеу. Құрылық және мұхит бөліктерінің сұғына еніп жатқан бөліктерінің материк табиғатына тигізетін әсерін анықтау. Тақырыптық карталарға талдау жасау арқылы мысалдар келтіру. Библиография және аннотация сөздерімен терминдік жұмыс жасау.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

## **Тақырып 2: Жер бедері мен тектоникалық құрылымының негізгі ерекшеліктері.**

Тапсырмалар:

1. Евразияның ірі жазықтары мен тау жүйелерінің орналасу ерекшеліктерін, олардың табиғи-территориялық кешендердің басқа құрамдас бөліктерінің кеңістікте таралып орналасуына тигізетін әсерін анықтау.

2. Евразияның тектоникалық, геологиялық, физикалық карталарын салыстыра отырып, оның тектоникалық құрылымы және жер бедерін қалыптастырушы рөлін оқып-зерттеу.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Әдістемелік нұсқау:

Оротектоникалық сызбаны контур картаға түсірген кезде әрбір тектоникалық құрылымдар мен тау жасалу жүйелері белгілі бір бояу түстерімен түсіріледі:

- Ежелгі платформалар шекаралары- қызғылт бояумен;
- Қалқандар- ашық қызыл;
- Байкалдық тау жүйелері- сұр;
- Каледондық тау жүйелері – күлгін;
- Герциндік тау жүйелері – қоңыр
- Мезозойлық тау жүйелері – жасыл, немесе көк;



- Альпілік тау жүйелері – сары түспен.

Евразияның оротектоникалық сызбасына талдау жасау.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 3: Евразияның климаты**

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Атластардағы тақырыптық климаттық карталарды пайдалана отырып, Евразия климатының қалыптасу ерекшеліктеріне, климаттың құрамдас бөліктерінің жылдық және маусымдық көрсеткіштеріне талдау жасау.

1. Климаттық белдеулер бойынша радиациялық баланстың өзгеруі мен өзгеріс бағыттарына талдау жасау.

2. Қысқы және жазғы маусымдардағы атмосфералық қысым өзгерісін анықтау. Жыл маусымдары бойынша қалыптасатын жоғары және төменгі қысым орталықтарының әсерін зерттеу.

3. Маусымдық жауын-шашынның таралу картасы бойынша материктегі жауын-шашынның әр аймақтар бойынша жылдық орташа көрсеткіштерін анықтау.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:*

Бұл тапсырманы орындаған кезде алдымен берілген бағыт бойынша горизонтальдық және вертикалдық масштабтарды анықтап алып, гипсометриялық қима түсіру қажет. Гипсометриялық қиманың үстіңгі жағына қызыл түспен шілденің, көк түспен қаңтардың орташа температурасын көрсететін сызықтар салынады. Оның үстіне изогиялар бойынша жылдық жауын-шашын мөлшерін көрсететін сызық жүргізіледі. Қима бойында климаттық белдеулер мен облыстарды көрсету керек.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 4: Евразияның ішкі сулары**

Тапсырмалар:

*1 тапсырма.* Евразияның контур картасына ішкі ағыс бассейндерін, континенттік су айрық жоталарын түсіру. Евразияның физикалық картасы бойынша өзен торы жиі және сирек аймақтарды анықтап, олардың себептерін түсіндіру.

*2-тапсырма.* Евразияның ірі өзендерінің кестесін құрастыру. Кестедегі бағандар: 1) өзеннің аты; 2) км. алынған ұзындығы; 3) өзен бассейнінің ауданы; 4) бастауы; 5) құяр сағасы; 6) негізгі салалары; 7) орташа жылдық су шығыны; 8) гидротехникалық құрылыстар; 9) өзен бойындағы негізгі елді мекендер.

*3-тапсырма.* Евразияның ірі көлдерінің кестесін құрастыру. Кестеге мынандай бағандар енгізіледі: 1) көлдің атауы; 2) орналасқан жері; 3) теңіз

деңгейінен биіктігі; 4) ауданы; 5) ең үлкен тереңдегі; 6) суының тұздылығы 7) шаруашылықтағы маңызы; 8) маңындағы негізгі елді мекендер.

*4-тапсырма.* Физикалық картаны пайдаланып, контур картаға шетелдік Евразиядағы ірі мұздықтарды түсіру.(көк сызықтармен)... Кестені пайдаланып контур картаға тау жоталары мен олардағы мұздықтардың атауларын жазу.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Кестеге мына өзендерді енгізуге болады: Янцзы, Хуанхэ, Меконг, Инд, Брахмапутра, Дунай, Ганг, Евфрат, Иравади, Тарим, Тигр, Годовари, Ляохэ, Рейн, Эльба, Висла, Тахо. Кестедегі мына көлдерді енгізу қажет: Дунтинху, Урмия, Венерн, Кукунор, Ван, Поянху, Хубсугул, Тұз, Веттерн, Сайма, Меларен, Инари, Өлі теңіз.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 5: Шет елдік Евразияның өсімдігі және топырағы**

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Географиялық атластағы өсімдік картасы бойынша Евразия территориясындағы өсімдіктердің таралу заңдылықтарына талдау жасау.

2-тапсырма. Жер бетін биогеографиялық аудандастыру картасы бойынша Евразияның ондағы орынын анықтау. Өсімдіктердің таралуындағы зоналық заңдылықтар Евразияның қай бөлігінде анық байқалатындығын, керісінше, жергілікті факторларға байланысты (мысалы, жер бедері) қай жерлерде мұндай заңдылықтар сақталмайтындығын анықтау.

3-тапсырма. Қосымшада берілген «Өсімдік жамылғысы сипатының ылғалдану дәрежесіне байланыстылығы» (Н.Н. Иванов бойынша) және «Географиялық зоналық» (А.А. Григорьев, М.И. Будыко бойынша) кестелеріне талдау жасау.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Евразияның географиялық зоналарының сипаттамасын таблица түрінде беру. Бұл таблицаға мынындай мәліметтер енгізуге болады: география белдеу атауы; географиялық зона атауы; зонаның климаты; геоморфологиялық процестер мен морфомүсіндер, өзен жүйелерінің қоректену мен режимі; негізгі өсімдіктер түрлері; жануарлар дүниесі; зонаның ауылшаруашылығында пайдаланылуы.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 6: Евразия материгін физикалық-географиялық аудандастыру.**

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Евразия табиғатының кеңістіктегі таралуы Т.В. Власованың «Физическая география материков» оқулығындағы Евразия

территориясын физикалық-географиялық аудандастыру картасына талдау жасау:

- а) Евразия табиғатының кеңістікте таралуындағы жер бедерінің ролі;
- б) Евразия ірі табиғи аудандарға бөлінуіне биоклиматтық факторлардың әсері;
- в) Евразия территориясындағы субконтиненттер мен физикалық географиялық аудандардың шекарасы қандай факторларға байланысты жүргізілген?

2-тапсырма. Евразияны физикалық-географиялық аудандастыру

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Материктің контур картасына Евразияның физикалық-географиялық субконтинентінің шекарасын қызыл сызықтармен түсіру. Әрбір физикалық-географиялық субконтиненттің аумағына оның индексін, физикалық географиялық формуласын қызыл түспен жазу.3. Мектептегі өлкетану мұражайының бөлімдері.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

**Тақырып 7: Солтүстік Американың Евразия материгімен салыстыра алғандағы географиялық жағдайы. Солтүстік Американың жер бедері мен гипсометриялық жағдайлары, тектоникасы.**

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Төмендегі жоспар бойынша Солтүстік Америка материгінің географиялық жағдайына ауызша немесе жазбаша сипаттама беру:

1. Солтүстік Америка мен оған жататын аралдардың ендік бойынша орналасуын Евразияның ендік бойынша орналасуымен салыстыру.

2. Материктердің Атлант, Тынық және Солтүстік Мұзды мұхиттарға қатысты алғандағы орналасу жағдайы, аталған мұхиттардың Солтүстік Америка мен Евразияның табиғат жағдайларына тигізетін әсері.

3. Физикалық карта бойынша Солтүстік Американың құрылық және аралдық бөліктеріндегі таулар мен жазықтардың орналасу жағдайына талдау жасау, оларды Евразия материгімен салыстыру. Солтүстік Американың орографиялық және гипсометриялық ерекшеліктерін көрнекі түрде бейнелеу үшін 40 параллель бойынша орогипсометриялы қима түсіру. Қима сызығы қиып өтетін ірі орографиялық бірліктер мен ірі өзендердің атауларын жазу. Қимаға талдау жасау.

4. Солтүстік Америка материгінің оротектоникалық схемасын сызу.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Солтүстік Американың жағалауы аймақтарының географиялық номенклатурасын оқып үйрену. Солтүстік Американың ашылу тарихы мен табиғатын зерттеушілері туралы баяндамалар даярлау.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

## **Тақырып 8: Оңтүстік Американың жер бедері мен тектоникасы. Негізгі табиғи ерекшеліктері.**

Тапсырмалар:

1. Оңтүстік Американың оротектоникалық схемасы.
2. Оңтүстік Американың табиғи ерекшеліктерін Африкамен салыстыра отырып қарастыру.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* 1. Контур карта ежелгі Оңтүстік Америка платформасының шекарасын көрсетіп, ондағы қалқандар мен синеклизаларды шартты белгілер арқылы көрсету. Бұл тапсырманы Оңтүстік Американың табиғатын салыстырмалы түрде өз бетінше оқып-үйрену мақсатында жазбаша орындауға болады. Ол үшін бірнеше пункттер ұсынылған.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

## **Тақырып 9: Африканың орографиялық және гипсометриялық жағдайы және тектоникалық құрылымы.**

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Африканың географиясы мен гипсометриялық ерекшеліктері.

2-тапсырма. Африканың тектоникалық құрылымы.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:*

1. Контур картаға Африканың төмендегі минералдық-шикізат облыстарының шекарасын және әр облыс бойынша кездесетін пайда қазбаларды тиісті шартты белгілермен түсіру.

Солтүстік Африканың минералдық-шикізат облысы (құрамы Марокко, Тунис, Алжир, Ливия, Египет мемлекеттері кіреді): мұнай, фосфорит, газ, марганец және темір рудалары.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

## **Тақырып 10: Австралия. Австралияның климаты және биогеографиялық ерекшеліктері.**

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Австралияның климаты және биогеографиялық ерекшеліктері. 1. Картографиялық құралдарды пайдаланып, Австралия материгінің климаттық жағдайларына талдау жасау. (термика, жауын-шашын, булану, радиациялық баланс т.б.)

2. Климаттың континенталдық типі мен құрғақ ландшафт түрлерінің басым болу себебін түсіндіру.

3. Географиялық атластағы «Өсімдіктер картасы» бойынша Австралиядағы негізгі өсімдіктер түрлерінің таралуын анықтау.

4. Өсімдіктер және топырақ картасы бойынша кесте құрастыру.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Австралияның жануарлар дүниесі. 1. Контур картаға Австралияның зоогеографиялық аудандастыру схемасын түсіру. Ең алдымен, Австралия зоогеографиялық облысының шекарасын түсіру. Содан соң бұл зоогеографиялық облыстың құрамындағы аудандарды бөлу.

1. Австралия.

2. Жаңа Зеландия.

3. Папуас

2. Аталған зоогеографиялық аудандардағы эндемиктік жануарлар мен құстардың, бауырымен жорғалаушылардың тізімін жасау.

3. Әрбір зоогеографиялық аудандарды картадан көрсете білу және оларға қысқаша сипаттама беру.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 11: Дүниежүзілік мұхиттың табиғи ерекшеліктері.**

#### **Мұхит түбінің жер бедері.**

Тапсырмалар:

*1-тапсырма.* Дүние жүзілік Мұхиттың физикалық-географиялық жағдайы.

*2-тапсырма.* Дүние жүзілік мұхит түбінің жер бедері.

1. Контур картаға Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік Мұзды мұхиттарының шекараларын түсіру.

2. Контур картаға географиялық номенклатурадағы Дүние жүзілік мұхиттың негізгі орографиялық элементтерін түсіру.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:*

1) Географиялық атластарды пайдаланып, Дүние жүзілік Мұхиттың географиялық жағдайына талдау жасау:

а) Дүние жүзілік Мұхит сулары бір-бірімен қалай байланысқан?

б) Шеткі теңіз, буғаз, шығанақ, түбек, арал, фьорды жағалау, лагуна, бухта деген ұғымдарға анықтама беру.

в) Дүние жүзілік мұхиттың құрылықтар климатына тигізетін әсері қандай? (Жеке мұхиттар бойынша мысалдар келтіру);

Физикалық картаны пайдаланып, материктердің су асты жағалаулары (шельфтер) қай жерлерде көп, қай жерлерде аз таралғанын анықтау.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 12: Антарктида.**

Тапсырмалар:

1. Антарктиданың географиялық жағдайының, өлшемдері мен сырт бейнесінің сипаттамасын беру.

1. Антарктиданың жағалау сызығын көрсететін секторлық диаграмма сызу оған төмендегі кестедегі мәліметтерді пайдалану.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:* Антарктиданың географиялық номенклатурасын оқып-үйрену.

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

2. Антарктиданың контур картасына Д.Куктың (1772-1775 жж.), Ф.Ф. Беллинсгаузен мен М.П. Лазаревтің (1819-1821 жж.), Р.Скотт пен Р.Амундсеннің, Э.Шеклтонның, Д.Моусонның саяхаттарының маршруттарын түсіру. Контур-картаға сонымен бірге қазір жұмыс істеп тұрған ғылыми станцияларды түсіру.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 13: Дүниежүзілік мұхит суының ерекшеліктері және мұхит ағыстары.**

Тапсырмалар:

*1-тапсырма.* Мұхит суының тұздылығы, температуралық жағдайы.

1. Дүние жүзінің физикалық-географиялық атласын пайдаланып, мұхиттың беткі суларының тұздылығына талдау жасау.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:*

а) экватор маңы, тропиктік, қоңыржай және поляр маңы аймақтарындағы тұздылық шамасы қандай?

б) мұхиттардың беткі суларының тұздылық картасын жылдық жауын-шашын және булану карталарымен салыстыру.

в) Дүние жүзілік Мұхиттың қай бөліктерінде тұздылық өте жоғары немесе өте төмен? Ол қандай факторларға байланысты?

г) Атлант мұхитының солтүстік бөлігін мысалға ала отырып, теңіз ағыстарының беткі суларда тұздылықтың таралуына қалай әсер ететіндігін түсіндіру.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

### **Тақырып 14-15: Дүниежүзілік мұхиттың табиғи ресурстары. Биологиялық ресурстар.**

Тапсырмалар:

1. Дүниежүзілік мұхиттың табиғи ресурстары туралы, оларды пайдалану ерекшеліктері туралы ұғымдарды қалыптастыру.

2. Дүние жүзілік мұхиттағы тіршіліктің әр алуандығы жөнінде, тіршілік ету жағдайлары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру.

*Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:*

*Семинардың жоспары:*

1. Дүниежүзілік Мұхиттың табиғат кешендері туралы қазірі кездегі түсініктер.

2. Дүниежүзілік мұхитты физикалық-географиялық аудандастыру.

3. Мұхиттардың биологиялық ресурстары, оларды пайдалану.

4. Мұхиттардың су ресурстарын пайдалану.

5. Дүниежүзілік мұхиттың минералдық ресурстары және оларды пайдалану.

6. Мұхиттың энергетикалық ресурстары және оларды пайдалану.

7. Дүниежүзілік мұхиттардың экологиялық жағдайлары.

*Әдебиеттер:* 1, 2, 3, 4, 5.

## 8. БӨЖ мен БОӨЖ бойынша тапсырма

№	Тақырып атауы	БӨЖ мен БОӨЖ тапсырмаларының мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
1 тақырып	Геосфера дамуының негізгі ерекшеліктері және оның ландшафтысының планетарлық дифференциациясы	Курс бойынша глоссарий және ережелерді жазу	Глоссарий тексеру	1
2 тақырып	Еуразия. Жалпы шолу.	Ұсынылған әдебиеттерді қарастыру және тақырып бойынша конспект жазу	Конспект тексеру. Ауызша сұрақ жауап.	2
3 тақырып	Аумақтың қалыптасу тарихы, пайдалы қазбалар және бедер.	Номенклатура	Конспект тексеру.	3
4 тақырып	Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі және топырағы. Географиялық белдеулер мен зоналар.	Номенклатура	Конспект тексеру.	4
5 тақырып	Шығыс Еуропа жазығы. Карелия және Коль түбектері. Орал.	Номенклатура	Ауызша сұрақ жауап.	5
6 тақырып	Азия. Жалпы шолу. Аймақтық шолу. Физикалық-географиялық аудандастыру. Орта Азия. Жалпы сипаттама. Физикалық-географиялық аудандастырудың негізгі бірліктері. Батыс Сібір жазығы.	Номенклатура	Конспект тексеру.	6
7 тақырып	Солтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу. Физикалық-географиялық аудандастыру.	Номенклатура	Конспект тексеру. Ауызша сұрақ жауап.	7
8 тақырып	Оңтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.	Номенклатура	Конспект тексеру.	8
9 тақырып	Африка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.	Номенклатура	Конспект тексеру. Ауызша сұрақ жауап.	9
10 тақырып	Аустралия. Жалпы шолу	Номенклатура	Конспект тексеру.	10
11 тақырып	Мұхиттар. Жалпы шолу	Номенклатура	Конспект тексеру.	11
12 тақырып	Антарктида. Жалпы шолу	Номенклатура	Конспект тексеру.	12
13 тақырып	Мұхиттардың физикалық	Номенклатура	Конспект тексеру.	13

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

	географиясы			
14 тақырып	Тынық мұхиты. Үнді мұхиты.	Номенклатура	Конспект тексеру.	14
15 тақырып	Атлант мұхиты. Солтүстік Мұзды мұхит.	Номенклатура	Конспект тексеру	15

Барлық сұрақтар бойынша кеңес беру - кестеге сәйкес.

## 9. Ұпай қою саясаты.

Кредиттік технология жағдайында оқу процесін ұйымдастыру элементтерінің бірі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану болып табылады. Ұпай қою саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралаушылық принциптеріне негізделеді.

Пәнді оқыту барлық өтілген материалды қамтитын, әртүрлі формада (жазбаша немесе ауысша емтихан, тестілеу) емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтихан тапсыруға рұқсат алудың негізгі шарты – бағдарлама бойынша барлық тапсырмаларды орындау.

Әр тапсырма 0-100 баллмен бағаланады.

№	Жұмыс түрі	Бір тапсырмаға қойылатын баға (max балл)	Тапсырма саны	Жиынтық баға
<b>Рейтинг 1</b>				
1	Жеке тапсырмалар	10	10	100
2	Зертханалық жұмысты орындау және қорғау	10	10	100
3	Бақылау жұмыстары және коллоквиумдар	10	10	100
4	Пән тақырыптары бойынша блум таксаномиясының бағалануы	10	10	100
5	Пән тақырыптары бойынша Solo таксаномиясының бағалануы	10	10	100
Барлығы				100
<b>Рейтинг 2</b>				
1	Жеке тапсырмалар	10	10	100
2	Зертханалық жұмысты орындау және қорғау	10	10	100
3	Бақылау жұмыстары және коллоквиумдар	10	10	100
4	Пән тақырыптары бойынша блум, Solo таксаномиясының бағалануы	10	10	100
5	Жобалардың бағалануы	10	10	100
Барлығы				100



Емтиханға жіберу рейтингісінің бағасы академиялық кезең бойынша алынған барлық ағымдық және аралық бақылаулар бағасы қосындысының орташа арифметикалық мәні болып табылады:

$$ЖР = (АБ_1 + АБ_2 + АБ_3 + \dots + АБ_n + АрБ_1 + АрБ_2) / (n+2),$$

мұндағы ЖР – емтиханға жіберу рейтингісі; АБ – ағымдық бақылау; АрБ – аралық бақылау; n – ағымдық бақылаулар саны; 2 – аралық бақылаулар саны.

Пән бойынша қорытынды бақылауға пән бағдарламасының барлық талаптарын орындаған (барлық практикалық (семинарлық, зертханалық) жұмыстарды және БОӨЖ, БӨЖ бойынша тапсырмаларды орындаған және тапсырған), емтиханға жіберу рейтингісін (50 баллдан кем емес) жинаған білім алушы жіберіледі. Пән бойынша емтиханға жіберу рейтингісі оң баға болмаса (50 баллдан кем емес) білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша қорытынды баға автоматты түрде төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$Қ = (P_1 + P_2) / 2 * 0,6 + \text{емтихан бағасы} * 0,4,$$

мұндағы  $P_1$  – бірінші аралық бақылау бағасы;  $P_2$  – екінші аралық бақылау бағасы.

Пән бойынша қорытынды баға білім алушы тек емтиханға жіберу рейтингісі бойынша да, қорытынды бақылау бойынша да оң баға (50 баллдан кем емес) алған жағдайда есептеледі. Қандай да бір дәлелді немесе дәлелсіз себептермен қорытынды бақылауға келмеген жағдайда «Емтихан бағасы» бағанасына «0» (нөл) қойылады. Пән бойынша аралық аттестация нәтижелері білім алушыға сол күні хабарланады.

### Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың төрт баллдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Баллдардың сандық эквиваленті	Баллдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

## **10. Оқытушы талабы, саясаты мен тәртібі**

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік пен адалдық, ашықтық және ашықтық принциптеріне негізделген.

Бірінші сабақта мұғалім студенттерге пәннің жұмыс оқу жоспары (силлабусы), академиялық пәннің жоспарланған оқу нәтижелері және оларды бағалау тәртібі туралы таныстырады.

Академиялық әділетсіздік байқалған жағдайда ЖОО білім алушылары тарапынан:

- аудиториядағы және аудиториядан тыс сабақтар кезінде: бірінші жол берілген тәртіп бұзғаннан кейін құрылған комиссия білім алушылармен әңгімелесу өткізеді; актіде шығарылған ескерту және қабылданатын шара (бағаланатын жұмыс үшін бағаны төмендету; білім алушының жазбаша жұмысын жою, бақылау іс-шарасын қайта өткізуге ұсыныс және т.б.) тіркеледі. Академиялық адалдық фактілеріне қайта жол берілген жағдайда оқу жылы ішінде қайта комиссия құрылады, акт жасалады және одан әрі шешімдер қабылдау үшін тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңеске (бұдан әрі – ТСЖҚК) беріледі;

- аралық немесе қорытынды аттестаттау кезінде: Академиялық әділетсіздік көрсеткен білім алушы сол академиялық кезеңде емтиханды қайта тапсыру құқығынсыз аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан ведомосына «Академиялық әділетсіздік танытқаны үшін емтиханнан алынды» деген жазба жазылады, оның түрі көрсетіледі. Емтиханды қайта тапсыру жазғы семестрде немесе келесі академиялық семестрде ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және емтихан тапсырады. Емтиханнан қайта шығарылған жағдайда (ЖОО-да оқудың барлық кезеңі ішінде) білім алушы ШҚМУ-ға қайта қабылдану құқығынсыз оқудан шығарылады.

Білім алушының барлық аудиториялық сабақтарға кешікпей, сабаққа қатысуы міндетті болып табылады. Сабақтан қалған жағдайда деканатта тағайындалған тәртіппен өтелінеді.

Берілген курстың білім алушылар контингентіне кірмейтін бөгде адамдардың дәріске қатысуына тыйым салынады.

Жұмысты көрсетілген мерзімде тапсыру қажет. Барлық тапсырмаларды тапсырудың соңғы мерзімі емтихан сессиясына 5 күн қалғанға дейін беріледі.

Әрбір оқу сабағы бойынша тақырыпты қайталау мен өтілген материалды өтеу міндетті. Оқу материалының меңгерілу дәрежесі жазбаша жұмыстармен немесе тестпен тексеріледі білім алушыларды тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

**Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысын (БӨӨЖ) орындау кезінде келесі негізгі функциялар ескеріледі:**

- бірінші – оқу пәні бойынша бағыттау-бағдарлау сабақтары кезінде оқытушы берген ақпаратты студенттердің белсенді қабылдауын іске асыруды көздейді;

- екінші - оқытушының ұсынымы негізінде студенттердің өздігінен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді оқуын, үй тапсырмаларын, бақылау, курстық жұмыстарды және т.б. орындауын көздейді.

Бұл кезеңде студенттерден жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарды анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіп талап етіледі;

- Білім алушының үшінші функциясы – өздерінде қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себебін анықтау, басқа оқу әрекетін орындау.

Білім алушы шешімі табылмаған қиыншылықтарды оқытушыларға арналған сұрақтар жүйесіне айналдырады (оларды саралайды, реттейді, ресімдейді), бұл сұрақтарға өз жауаптарының нұсқаларын дайындайды;

- Білім алушының төртінші функциясы түсініктеме, ақыл-кеңес, консультация алу үшін оқытушымен сұхбаттасуын білдіреді.

## **11. Емтихан сұрақтары**

1. Геосфера дамуының негізгі ерекшеліктері және оның ландшафтысының планетарлық дифференциациясы
2. Еуразия. Жалпы шолу.
3. Аумақтың қалыптасу тарихы, пайдалы қазбалар және бедер.
4. Климат. Ішкі сулар. Өсімдігі және топырағы. Географиялық белдеулер мен зоналар.
5. Шығыс Еуропа жазығы. Орал.
6. Азия. Жалпы шолу. Аймақтық шолу. Физикалық-географиялық аудандастыру. Орта Азия. Жалпы сипаттама. Физикалық-географиялық аудандастырудың негізгі бірліктері.
7. Солтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу. Физикалық-географиялық аудандастыру.
8. Оңтүстік Америка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.
9. Африка. Жалпы шолу. Аймақтық шолу.
10. Аустралия. Жалпы шолу
11. Мұхиттар. Жалпы шолу
12. Антарктида. Жалпы шолу
13. Мұхиттардың физикалық географиясы
14. Тынық мұхиты.
15. Атлант мұхиты.
16. Солтүстік Мұзды мұхит.
17. Үнді мұхиты.
18. Батыс Сібір жазығы.
19. Карелия және Коль түбектері.
20. Географиялық белдеулер мен зоналар.

## **12. Әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы [] : оқулық / СӘ. Әбілмәжінова, А. Н. Бейкитова. - Алматы : ЖСШ "BOOKPRINT" баспаханасы, 2016. - 520 бет.
2. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясын оқытудың әдістемелік мәселелері : оқу-әдістемелік құрал / Г. Б. Зәбенова, Б. Т. Сабырбаева. - Өскемен : С. Аманжолов атындағы ШҚМУ "Берел" баспасы, 2015. - 92 бет.
3. Физическая география материков и океанов : номенклатура географических наименований / К. М. Джаналеева, А. А. Жангужина. - Алматы : Эверо, 2015. - 392 с
4. Физическая география материков и океанов : в 2 т. : учеб. для вузов / под ред. Э. П. Романовой. - М. : Академия.
5. Т. 1 : Физическая география материков, кн. 1 : Дифференциация и развитие ландшафтов суши Земли. Европа. Азия : в 2 кн. / Э. П. Романова, Н. Н. Алексеева, М. А. Аршинова . - 2018.- 464 с.
6. Әбілмәжінова С.Ә., Бейкитова А.Н. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы : оқулық.- Алматы : Bookprint, 2018.- 520 бет.-10 экз

### **Қосымша әдебиеттер: / Дополнительная:**

1. Власова Т.В., Аршинова М.А., Ковалева Т.А. Физическая география материков и океанов. М., 2015. 640 с.
2. Притула Т.Ю., Ерёмина В.А., Спрялин А.Н. Физическая география материков и океанов. М.: ВЛАДОС. 2016. 688 с.
3. Залогин Б.С., Кузьминская К.С. Мировой океан. М., 2015.
4. Еремина В.А. Практикум по физической географии материков и океанов. М., Владос, 2018.
5. Атлас мира. М., Оникс, 2017.

### **Анықтамалық әдебиеттер:**

1. Географическая энциклопедия. Восточный Казахстан. – Усть-Каменогорск : Шығыс Полиграф, 2015. – 360 с.
2. Иващенко А. А. Қазақстанның өсімдіктер әлемі / А. А. Иващенко. – Алматы : Алматы кітап, 2016. - 176 бет.
3. Рекреационная география : словарь - справочник / Л. Ю. Горшкова и др. - Саратов : Недра, 2016. - 486 с.
4. Қазақстан табиғаты : энцикопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақыпа. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы ЖШС. – 2015. - Т. 4. – 304 бет.

5. Егорина А.В., Женсикбава Н.Ж. Рекреационный потенциал территориально-природной системы Казахского Алтая: методические подходы к его оценке. Монография. Алматы: «Эверо», 2019 - 129с.

### **Интернет-көздері / Интернет источники**

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан 2015 жыл. [http://bnews.kz/kz/news/2050\\_strategy/astana/](http://bnews.kz/kz/news/2050_strategy/astana/).

2. ҚР Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 11 қараша 2015 жыл. <http://www.inform.kz/kaz/article/2715695>.

3. Катонқарағай ауданы әкімдігінің ресми сайты: <http://katonkaragay.vko.gov.kz/kz/park.htm>. 22.06.2016 ж.

4. ШҚО-ның туризм және сыртқы байланыстар басқармасының ресми сайты: <http://newtour.kokos.kz/ru/>. 18.05.2016 ж.

5. Күршім ауданы әкімдігінің ресми сайты: <http://kurchum.vko.gov.kz/kz/culture5.htm?mobile=on>. 09.06.2016 ж.

**Құрлықтар мен мұхиттардың физикалық географиясы**  
**пәні бойынша**  
**2020/2021 оқу жылына арналған**  
**пән бағдарламасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу**

Пән бағдарламасына төмендегідей өзгерістер енгізіледі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Пән бағдарламасы қайтадан қаралды, енгізілген өзгерістер  
\_\_\_\_\_ кафедра отырысында бекітілді

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж.

Аға оқытушы \_\_\_\_\_ Н.Ж. Женсаикбаева  
қолы

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ К.Ж. Дакиева  
қолы

Енгізілген өзгертулер келісілді:

Факультет әдістемелік кеңесі төрағасы \_\_\_\_\_  
қолы

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж.

Факультеттің Кеңесі төрағасы \_\_\_\_\_  
қолы

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж.